Тәуелсіздіктің ұзақ жылдар армандаған ақтаңы атып, ана тіліміздің мәртебесі өскен отыз жылда қай саладан болсын қолға алынған, осы бағытта атқарылған іс шара шаш-етектен. Десек те, шалғайдан тартып, аяққа тұсау, тілге құрсау болған кертартпа жайлар да жағаға жармасып, алға жүрер аяқты, кері тартып жатқан салалар да баршылық. Соның бірі “Заң шығар-

машылығындағы мемлекеттік тілдің қолданыстағы жай-күйі». ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының аға сарапшы-лингвисті Н.Хамзина 2010 жылы журнал бетінде “Заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі” деген зерттеу мақаласында күні бүгін де заң шығармашылығындағы қолданыстағы мемлекеттік тілдің өзекті мәселелерін зерттеуіне негіз еткен. Күнделікті көрігінде қайнап жатқан саланың маманы өзі куә болған, көзімен көріп, қолымен ұстаған мәселені көтерген шақтан бергі он жылда осы бағытта не істелді деген сауал бүгін де маңызды. “Қазақ тілінің қазақ жерінде жетімсіреп, босағадан сығалай қарағаны халқымыздың әлем алдындағы ашқан жаңалығы ма, әлде қалайша түсінуге болады? Ресми тілдің осы күндері аударма арқылы қалыптасып келе жатқаны шарасыздықтан туындап отырған сыңайлы” [1], - деген автор пікірі сол кезеңдегі Лингвистика орталығының заң шығармашылық жұмысындағы кемшіліктерді тізбелейді. Сөз бастауындағы Н.Мандела пікіріне қайта оралғанда, тәуелсіздік тұсында 3 000-ға жуық түрлі саладан қабылданған заңның небәрі 2-нің мемлекеттік тілде әзірленгенін айту тілге жасалған қиянат екені айтпаса да түсінікті.

Еліміздегі заң шығару үрдісі де өзге саладағы қызмет түрлері секілді саналуан саладағы жағдаяттармен тығыз байланыста дамып, туындайды. Күнделікті қоғамдағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік т.б. бағыттағы саналуан жағдаяттардың жиынтығынан қордаланған, пісіп жетілген сала бойынша заң әзірлеу процесі туындап, ол сол саланың мамандары мен зерттеушілері алдына зор әрі жауапты міндеттер қояды. Міне, осы жерде заң шығармашылығындағы жұмысты неден бастау керек деген өткір мәселе алдыңғы қатарға шығады. Ол кез келген заңды әзірлеу барысында заң техникасы ережелерін қатаң сақтау. Олар: заң жобаларын әзірлеу; жазу; ресімдеу сынды заңнамалық процестің алуан сатысында жұмыс тобының кез келген мүшесі негізге алатын заң техникасы ережелерінен ауытқымау. Ол заң сапасына кепіл болады. Себебі, бұрын осы саладан (мысалы, салық саласы) әзірленген, бағыт-бағдар сілтейтін, нақты қолға ұстайтын ғылыми негіздерге сүйеніп, деректермен жүйеленген заңның жоқтығы заң жобасын әзірлеуші бастамашыл топты тығырыққа тірейді. Ендігі бар үміт алыс-жақын шетелдерде осы бағытта әзірленген заңдарды сүзгіден өткізіп, оның кейбір жекелеген тұстарына мемлекеттік, ұлттық процестердің салалық бағыттағы заңдылықтарын орнықтыру. Ал, ол заңдылықтар негізінен орыс тілінде жазылған. Содан келіп, біздің еліміздегі заң шығару қызметі сол саладағы алуан үрдістердің нормативтік құқықтың актілерінің жиынтығынан келіп туындайтын, өмірлік маңызы бар саяси деректердің аударма

түріндегі нұсқалы жиынтығы болып шығады.

Қазақ тіл білімінің шын жанашыры, тіл саласының белгілі маманы Шерубай Құрманбайұлының 2019 жылы “Ана тілі” газетінде жарық көрген “Заңдар неге қазақша жазылмайды” сыни ойлары, 2020 жылы “Egemen Qazaqstan” газетінің тілшісі Орынбек Өтеұраттың “Мемлекеттік тілде заң жазуға не кедергі?” проблемалық зерттеуі де бұл салаға түбірлі шешімнің қажет екендігіне дәлел. “Қазір заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу, заң мәтіндерінің тілі мен стилі, заңдарда терминдерді бірізді қолдану мәселелері жиі сөз бола бастады. Сын да айтылып жатыр. Солай болатын да жөні бар. Өйткені біздегі заң шығармашылығының, заң тілінің шешімін таппаған мәселелері өте көп. Заң жобаларын қазақ тілінде дайындау мәселесін көтеріп, осы іске бастамашы болып жүрген заң шығарушы билік тармағының өкілдері де бар. Олар саяси ғылымдар докторы, сенатор М. Бақтиярұлы, Мәжіліс депутаты, белгілі заңгер-ғалым Н. Дулатбеков сияқты азаматтар”, - деген Ш. Құрманбайұлы саланың кесек-кесек проблемаларын нақтылы деректермен дәйектей отырып, өзінің нақты ойларын ұсынады. «Қазақ тілінде жазылған заңды түсінгің келсе, орысшасымен салыстырып оқы» деген бір ауыз сөз заң тілі ұшыраған дерттің дәл қойылған диагнозы екенін мойындауға тура келеді. Отыз жылдай уақыт бойы тілімізді байлап келген бұл созылмалы дерттен айығудың жалғыз-ақ жолы бар. Ол – қазақтың заңын қазақша жазу. Мұның басқа емі жоқ. Осы емді қолдансақ, заң тілі ауруынан айығып, қазақ заңы қазаққа түсінікті болады. Халықтың өз тілінде түсінікті жазылған заңдар қазақтың ресми тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, ұлттың құқықтық санасын, қоғамның құқықтық мәдениетін көтереді. Құқықтық -мемлекетке керегі де осы емес пе”? [2]. Алуан саладағы кез келген Заңның ана тілімізде құқықтық мәртебесі сақтала отырылып, әркімге түсінікті тілде, қысқа әрі нақты жазылса, ол мемлекеттік биліктің үш сатысы – заң шығарушы, атқарушы, сот билігінің де күнделікті қолданыстағы мемлекеттік тілде орнығуына негіз болар еді.

Күн сайын алуан саладан Заңнама институтының Лингвистика орталығына толассыз келіп жатқан жобалар, жаңа заңдар мен заңға өзгерістер мен толықтырулар күні бүгін де мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаларымен қатар келіп жатқанын – анық ақиқат. Алайда, мемлекеттік тілдегі нұсқасы орыс тілінің қалқасы не көшірмесі екендігі Заң жолдарын оқи бастағаннан-ақ көзіңе оттай басылады. Екіншіден, Заң шығармашылығы ресімінде, ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысымен бекітілген Ғылыми сараптама жүргізу ережесінің 6-тармағына сәйкес “Сараптаманы ұйымдастырушы нормативтік құқықтық акт жобасының көшірмесімен бірге

сарапшыға мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады: нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазба (мемлекеттік және орыс тілдерінде); нормативтік құқықтық актінің жобасына салыстырмалы кесте, қолданыстағы заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемелерімен өзгерістер мен толықтырулар туралы нормативтік құқықтық актінің жобасын енгізген кезде (мемлекеттік және орыс тілдерінде); зерделенетін мәселелер бойынша статистикалық деректер; сарапшының сұратуы бойынша Сараптама-ны ұйымдастырушы сол сияқты нормативтік құқықтық актінің жобасында және заң жобасының тұжырымдамасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды да ұсынуы мүмкін» [3] делінген. Ал енді осы ережелердің заң жобасын ұсынушылар тарапынан орындалуы қаншалықты деген мәселені естен шығармағанымыз абзал. Сарапшылар қолына заңның екі тілдегі мәтіні ғана келеді. Бұл көпе-көрнеу заңға ғылыми сараптама жүргізу ережесін заңды әзірлеуші топтың ескерусіз қалдыруы ғой. Орталық мамандары заңның алдымен орыс тіліндегі нұсқасын қолға алып, оның мемлекеттік тілдегі аудармасын салыстыра қараған сәттен-ақ ана тіліміздің жасанды, қасаң тілге айналғанына көзіңіз жетеді. Әрі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңының 9-бабына сәйкес «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» [4]. Осыдан келіп солқылдақ, екіұшты заңға арқа сүйеген топ мемлекеттік тілдің алға басуына басын ауыртпайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» «Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. ...Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз» [5] - деген еді. Амал не, Елбасы осыдан тура 8 жыл бұрын айтқан, ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де - тілінде» [6] деген пікіріне тиісті ұйымдар құлақ асар деген үміт сәулесі сөңген жоқ.

ҚР Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтына қарасты Лингвистика орталығы мамандарының ашылған кезеңнен қабылданатын заңдарға сараптама жасап, жүзеге асырған алуан бағыттағы істеріне Парламент Сенатындағы бір топ депутаттар «Лингвистикалық сараптама тобының қызметін

тоқтату, жауапкершілікті толығымен заң әзірлеуші органның өзіне жүктеу» туралы мәселе көтерді. Елімізде әзірленетін заң жобаларын мемлекеттік органдар – министрліктер әзірлейді. Демек мемлекеттік тілде заң әзірлеу осы органдардың міндеті. Ал Үкімет бүгінге дейін қазақша заң жобаларын әзірлеуде Лингвистикалық сараптама тобының мамандарына жүгінеді. Ондай жағдайда, халық қалаулыларының пікірі орынды деуге негіз жоқ. Себебі Парламент заңдардың мемлекеттік тілде қабылдануына қауқарлы. Мәселенің түйіні Парламенттің Үкімет алдына заңдарды алдымен мемлекеттік тілде даярлауды міндеттеуі керек. Осы түйін тиісті ұйымдар тарапынан шешімін тапса, заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің көсегесі кеңейіп, мәртебесі биіктейді. Ал, сараптама тобының небәрі 20 адамнан құралған мәртебелі мамандарының күнделікті көл-көсір жұмысына көзжұмбайлықпен қарау – ол үстірт ойдан туындаған пікір. «Заң актілерінің мемлекеттік тілдегі мәтініне көзді жұмып қойып, орыс тіліндегі нұсқасының жұмыс мәтіні екенін ашықтан ашық айтуға болады. Яғни кез келген Заңды, қаулыны, кодексті және т.б. болсын әзірлеу кезінде мемлекеттік органдар іс жүзінде ҚР Конституциясының 7-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасында – мемлекеттік тіл – қазақ тілі» дегенді ұстанбайды, ал дәл осы баптың 2-тармағына сәйкес «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» [7] дегенді қиналмастан қолданады. Демек, арада өткен 30 жылда көз көрген, қолға ұстаған, қалтқысыз сенімдегі жайлардың тиісті орындар тарапынан қолдау таппауын қалай ақтауға болады!? Сонда ел Конституциясында тайға таңба басқандай етіп жазылғанды бір шетке ысырып қойып, оған менсінбей қарау қашанға дейін жалғаспақ. Тіл реформаторы Ахмет Байтұрсынов: «Әр халықтың бұрыннан жүріп келе жатқан дағдылы жолы бар. Ол жолды түзеткенде жарамды жеріне тимей, жарамсыз жерін ғана өзгерту тиіс. Олай етпесе, соныдай ойып салған жолмен жұрттың көбі жүрмей, бұрынғы дағдылы жолмен кете береді. Әсіресе, көзі ашылып, көңіліне сәуле түспеген қараңғы халық болса, ондай жаңадан салған жат жолмен жүру оған тым қиын, сондықтан законның түп үлгісі бір болғанымен, әркімнің бойына қарай киім пішкен сияқты әр халықтың қалпына, салтына, мінезіне қарай заң шығарылады» [8, 248 б.]. Жиырмамыншы ғасырдың басында айтылған пікірдің күні бүгін алдымыздан қайта шығып, жарымжан заңдардың қолданысқа енгізіліп жатқандығы шындық. Сондықтан осы бағытта мемлекет деңгейінде жүзеге асырылатын, қаржылық шығынды талап ететін ауқымды шаралар қажет-ақ.

Лингвистика орталығының күнделікті жұ-

мысына күні бүгінде қолбайлау болып отырған мәселенің бірі нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы редакциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу барысында жаңа редакцияда ұсынылатын мәтіндерді қазақ тілінің грамматикасына сай ресімдеу қажеттілігі бола тұра, қабылданған қолданыстағы редакциядан ауытқи алмаушылық. Осыдан келіп, қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің сапасы туралы сөз қозғаудың өзі дау тудырады. Осы орайда, мәселені «Заң терминологиясын қалыптастыруға ықпал етуші негізгі құжаттар – мемлекеттік деңгейдегі заңдар мен нормативті құқықтық құжаттар мен түрлі бағыттағы құжат түрлері екендігін, қоғамдық өмірде олардың кеңінен, белсенді қолданылатындығын ескерсек, олардың қай-қайсысы да заң терминологиясын жүйелеуде басшылыққа алынатын еңбектердің қатарына жатады» [9] деген ұғымды басшылыққа алсақ, онда орыс тілінен мемлекеттік тілге аудармада, мәтіндер екі тілде бірдей бола ма деген сұрақтың туындауы күмән тудырмайды.

Зерттеуші Е.С. Шугрина: «Заң тілі – бұл мемлекеттік тіл. Берілген ереже өте маңызды болып табылады, оны бұзуға болмайды», - деген пікірін алға тартады [10]. Ғалымның пікір, ұсыныс, дәлелі орынды. Еліміздегі мемлекеттік тілдің негізгі салаларының бірі – заң тілі екені анық. Кеше де, бүгін де жауыр болған тіркестің қайталана беруі, жазылған жайдың қағаз бетінде тиісті органдар тарапынан ескерусіз қалуы – ана тіліміздің болашағына балта шабумен бірдей екендігін ашық айтатын шақ келді. Бүгін қабылданатын заң жобаларына мемлекеттік тілде жетекшілік жасап, оны мүлтіксіз басшылыққа алу – мемлекеттің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі». Қай салада болсын халықтың ғасырлар бойына жаншылған санасының оянуы жолындағы рухани жаңғыру жаңа бағыттағы қадамдарға баруға тиіс. Заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінің күні бүгінге дейін шыққан биігінен төмендемей, жалтақтық танытпай, салқандылықпен салиқалы іске нық қадам басқаны – бүгінгі ұрпақтың ертеңгі келер ұрпақ алдындағы парызы. Осы орайда өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы мына бір оқиға еске оралады. Отандық заң ғылымының қайраткері, академик Сұлтан Сартаев: «Мен 1978 жылы, 1977 жылы қабылданған Конституцияның негізінде комиссия мүшелеріне республика Конституциясында орыс және қазақ тілдері мемлекеттік тіл болып танылсын деген ұсыныс жасағанымда менің алған жауа-

бым: «Сіз неге, Сұлтан Сартайұлы, қазақ тілі мәселесін қайта-қайта көтере бересіз, бұл үшін ұлтшыл деп жауапқа тартуы мүмкін ғой» болды. Мені республикадағы «Тілдер туралы» заң жобасын және тіл саясатының тұжырымдарын жасау жөніндегі комиссияның төрағасы етіп тағайындағанда да өз позициямнан таймадым». Кешегі қызыл империяның қанды шеңгелінен шыға алмай, іштей құсалықта өткен тіл тартысындағы тарландардың темір торға қамалған шақтары көз алдына келеді. Хош, бұл кеңестік кезеңнің туындысы ғой дейсің. Ал, тәуелсіздіктің 30 жылында басымызға қоңған бақты, күнде емес, ілуде бір шығатын ащы терге айырбастап отырған, шөптің басын сындыруға қауқарсыз, жарымжан жандардың топастығы демеске шараң жоқ. Заң саласындағы жауапты тұлғалардың әрбірі мемлекеттік тілдің терең мәні мен маңызын ағылшын сөздігінің атасы саналатын Сэмюэл Джонсонның “Тіл – халықтың түп-тамыры” деген ойлы пікіріне құлақ түріп, ден қойса. Сөз қадірін, адам өмірімен бірдей санатта бағалаған С. Джонсонның көпшілікпен қатынастағы басты құрал тіл деген батыл ойы бүгінде ағылшын тілінің әлем тіліне айналуына сонау XVIII ғасырда негіз қалағанын еске алсақ та жеткілікті.

Қай кезеңде де заң жобаларын әзірлеуші топ өз қызметін адал атқаруда қабылданатын заң шығармашылығына әсер ететін қоғамдық факторлардың маңызы мен өзіндік құндылығын бағалауы шарт. Заң шығармашылығын даярлау барысында оның кеше, бүгін және болашақтағы даму жағдайын және оның қоғам мүддесіне орай қажетті факторларын, әлденеше рет електен өткен, дерек пен дәйекке негізделген көпшіліктің озық ойлы пікірлерін жанжақты, толық ескермейінше ол толыққанды заң болмайды. Бұған кешеден бүгінге жеткен заң шығару практикасы толықтай дәлел. Заң саласындағы әлемдік тұлғалардың алдыңғы шебіндегі ғалым Монтескье пікірі бойынша, нағыз әділ заң адамның табиғи құқығына негізделуі қажет. Монтескье адамның ақыл-ойы, парасаты құдай белгілеп берген нәрсе емес, оның өмір сүріп отырған ортасының жемісі, сол ортаның өзгеруімен ол да өзгеріп отырады, заңды қатаң сақтау бостандықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік төңкерістерді болдырмауға қызмет етеді деген пікірде болды. Ол осы бағыттағы өзінің әйгілі «Заңдар рухы» атты еңбегін 20 жыл бойы жазған. Мұнда ол заңдар табиғаты туралы өз көзқарасының жүйесін жасайды. «Әділ заң адамның табиғи құқықтарынан туындайды. Ол қоғамның ар-ұяты болады. Заң бәрінен де биік тұруы қажет. Халықтың және жеке тұлғаның еркіндігі заңға бағынғандығынан көрінеді. Заңға қанаушылардың қолын сұқпауын қамтамасыз ететін мемлекеттің болашағы бар» [11] деген ой айтады. Міне, данышпандықты өміріне серік еткен, қоғамдағы үш тармақтың берік

байланысына негіз қалаған тұлғаның ширек ғасырға жуық таңдап, талғап жазған дүниесіне заңгерлер мен депутаттар қайта бір оралып, тұщымды дүниеге ден қойса!? Мүмкін, сонда біз айтып, жазып келе жатқан пікірлер мен ұсыныстар күн тәртібіне өткір қойылып, шынайы шешімін табар. Осы тұрғыда Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген мақаласындағы: «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасак, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.» [12] - деген ойы мемлекетіміздің жаңаша дамуы мен елеулі жаңғыруына бастар жол.

Он жыл мерзім (2010 – 2020 жж.) кез келген сала мамандары үшін аз уақыт емес. Алайда, Лингвистика орталығына күні бүгін де келіп жатқан (Жобалар көпшілігінде маусым-желтоқсан айларында) Жобалардың қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық, тілдік заңдылықтары сақталмастан аударма күйінде келуі. Осы орайда, Лингвистика орталығының жетекшісі Нұрзада Примашев: “Ұйымдастыру мәселелері, бірінші кезекте, Жобаларды әзірлеуші мемлекеттік органдардың қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң ұстауын қамтамасыз етуімен байланысты. Ғылыми лингвистикалық сараптамаға келіп түсетін кез келген Жобаның ілеспе хатында «Аса шұғыл!», «Шұғыл!», «... қорытындыны ... себептерге байланысты қысқа мерзімде берулеріңізді сұраймыз» не «Барынша қысқа мерзімде қарауды сұраймыз» деген тұрақты тіркестік қызметтік жазбалар көп кездеседі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ғылыми лингвистикалық сараптама он бес жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс. Орталықта 2019 жылғы 12 маусым – 20 желтоқсан аралығында 57 Жобаға ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізілген» [13]. Министрліктердің “шұғыл”, “қысқа” деп дабыл қаққан тұрақты тіркестері алдымен орталық мамандарын алқымнан алса, екіншіден депутат алдына баратын заңның соңғы жобасының өзінде шикі тұстарының қалың екендігіне эп дегеннен көзің анық жетеді. Орталық мамандары жұмыс барысында шикі заңның орысшадан қазақшаға (теңтүпнұсқалық аталатын) сапасыз аударылған, сөйлем мүшелерінің реттілігі сақталмаған, шұбалаңқы тұстарын тіл заңдылықтарына икемдеп әлек. Оған қоса мәтіннің өн бойында бір сөздің бірнеше ұғымда қайталануы, тұрақты тіркестердің санмәрте орын ауыстыруын қосыңыз. Осы жерден келіп асығыс, үстіртін даярланған, бір қайнауы ішіндегі Жоба Парламентке ұсынылады.

Жетпіс жыл бойына қызыл империяның боданында, тәуелсіздіктің отыз жылында өз

тілінен ана жөргегінде жеріген тілбұзарлардың дәрменсіздігінен ана тіліміздің құрсақтан шыға алмай жатқаны – ақиқат. “Үкімет қазақ тіліндегі заңдарға, өзге де құқықтық актілер мен құжаттарға өгей баласына қарағандай өте салғырт, салқын қарайды. Себебі өздері ол тілді жетік меңгермеген, олардан өзі қызмет етіп отырған мемлекетінің тілін білуді қатаң талап етіп жатқан да ешкім жоқ. Осындай қарым-қатынастың салдарынан қазақ тілі төрге оза алмай, мемлекеттің тілінде жазылған құқықтық актілер орыс тілінде дайындалған нұсқаларының қосымшасы ретінде, орыстілді лауазымды тұлғалардың суырмаларында қалып келеді. Егер осы дәстүр жалғаса берсе, онда қазақ тілі ресми тіл, құқықтық актілер тілі ретінде дамиды, оның қолданыс аясы кеңейеді деу бос қиял. «Құқықтық актілер туралы» Заңның «Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және ресімдеу» деп аталатын 5-тарауының «Нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу тәртібі» деп аталатын 18-бабына: «Қазақстан Республикасында барлық құқықтық актілер алдымен мемлекеттік тілде әзірленеді. Өзге тілдерге қажеттілігіне қарай аударылады. Мемлекеттік тілдегі құқықтық акт түпнұсқа болып саналады» [14], - деген жаңа тармақ енгізілуі қажет деп санаймыз деген Ш. Құрманбайұлының пікірі орынды. Ана тілін – арым деп санайтын саналы ұрпақ келеді деп қол қусырып қарап отыра беру – дәрменсіздік. Сондықтан осы жолдарды жазуға негіз болған Н. Хамзина пікіріндегі ойлардың бірі осы жылдар сілемінде жүзеге асса, енді бірі орта жолда ойсырап, ал кейбірі қолға да алынбаған тұстары баршылық екенін мойындауға тиіспіз. “Заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының лингвистика орталығы жүргізетін ғылыми лингвистикалық сараптамаға тілдік кемшіліктер мен олқылықтармен қатар орыс тілінен қазақ тіліне заң техникасының талаптары сақталмай аударылған заң жобалары келіп түседі” [15]. Шарасыздық жағаға жармасып, жалқаулық етекпен тартып жатқан заманда – іргелі ел, қуатты мемлекет құрып, тегеурінді заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлейміз десек, оған Үкімет пен Парламенттің бірлігі мен білігін жұмылдыра білгенде ғана жемісті жолға негіз қалаймыз. Жаңғыру мен жаңаруды әркім өз арына салып, бар болмысымен тіліміздің көркеюіне бағыттау әрбір тұлғаның – міндеті. Қорытынды: Жаңа заң жобаларының алдымен мемлекеттік тілде даярлануын Парламент депутаттары меморгандардан қатаң түрде талап етулері тиіс. Парламент Үкімет орысша даярлап, аудармасымен қоса ұсынған заңдарды қабылдауды тоқтатуы қажет. Министрліктер аударма саласына құқықтық актілерді, заңдарды

мемлекеттік тілде сауатты жазатын мамандарды тартулары керек. Заң шығармашылығының әлеуетін арттыру бағытында Лингвистикалық сараптама орталығының білікті мамандарының күшімен Заң терминдерінің жүйеленген, біріздендірілген сөздігін даярлау қажет. Парламент қабырғасында қабылданатын заңдарды талқылау, қабылдау кезінде меморгандардың тиісті

басшыларынан заң жобаларын мемлекеттік тілде түсіндіру міндеттелуі орынды. Меморгандар заңдарын мемлекеттік тілде жазудың мерзімі жеткенін ұғынулары тиіс. Мемлекеттік тілдегі «заң шығармашылығының» “аудармашылық процесс” құрсауынан шығатын уақыты жеткенін мойындау – лазым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.А.Хамзина. Заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі. “Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының Жаршы” ғылыми құқықтық журналы. – 2010 ж. - № 4 (20).
2. Құрманбайұлы Ш. Заңдар неге қазақша жазылмайды. – “Ана тілі” газеті. – 2019 ж.
3. Ғылыми сараптама жүргізу ережесі: ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысы // Заң ДҚ (25.04.2010).
4. “Қазақстан Республикасының Тіл туралы” Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы.
5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.akorda.kz/>.
6. Қасым-Жомарт Тоқаев “Egemen Qazaqstan” газеті. – 2020 ж.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2007.
8. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы, 1991.
9. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» Н. Назарбаев № 1 (25) 2012 ж.
10. Шугрина Е.С. Техника юридического письма. – М.: Дело, 2001. – 51 с.
11. Lettres familiares a divers amis d'Italie, 1767
12. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», мақала // <http://www.akorda.kz/>.
13. Примашев Н.М. Ғылыми лингвистикалық сараптаманың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін жетілдірудің кейбір бағыттары. – “Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршы” ғылыми құқықтық журналы 2020 ж. № 2 (60).
15. Нұрбаева Н.А. Заң техникасы – заң жобаларын сапалы дайындау құралы. - “Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршы” ғылыми құқықтық журналы 2020 ж. № 2 (60).

REFERENCES

1. N.A.Hamzina. Zań shyǵarmashylyǵyndagý memlekettik tildiń qoldanyly deńgeii. “Qazaqstan Respyblikasy Zań shyǵary institutyńyn Jarshy” ǵylymi- quyqytyq jýrnaly. – 2010 j. - № 4 (20).
2. Qurmanbauuly Sh. Zańdar nege qazaqsha jazylmaidy. – “Ana tili” gazetii. – 2019 j.
3. Gylymi saraptama júrgizý erejesi. Qazaqstan Respyblikasy Úkimetiniń 2002 jylǵy 30 мамыrdaǵy № 598 qaýlysy // Zań DQ (25.04.2010).
4. “Qazaqstan Respyblikasynyn Til týraly” Qazaqstan Respyblikasynyn 1997 jylǵy 11 shildedegi № 151 Zańy.
5. Qazaqstan Respyblikasynyn Prezidenti – Elbasy N.Á. Nazarbaevtyń 2012 jylдың 14 jeltosqanyndaǵy «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiń jańa saiasy baǵyty» atty Qazaqstan halqyna Joldaýy // <http://www.akorda.kz/>.
6. Qasym-Jomart Toqaevtyń “Egemen Qazaqstan” gazetindegii suhbaty. – 2020 j.
7. Qazaqstan Respyblikasynyn Konstitytsuasyy. – Almaty: Jeti Jarǵy, 2007.
8. Baitursynov A. Aqjol. – Almaty, 1991.
9. «Qazaqstannyn bolashaǵy – qazaq tilinde» N. Nazarbaev № 1 (25) 2012 j.
10. Shýgrina E.S. Tehnika ýridicheskogo pisma. – M.: Delo, 2001. – 51 s.
11. Lettres familiares a divers amis d'Italie, 1767
12. N.Á. Nazarbaev. «Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyrý», maqala // <http://www.akorda.kz/>.
13. Primashev N.M. Gylymi lingvistikalyy saraptamanyń uymdastyryshylyq-quyqytyq negizderin jetildirýdiń keibir baǵyttary. – “Qazaqstan Respyblikasy Zańnama jáne quyqytyq aqparat institutyńyn Jarshy” ǵylymi- quyqytyq jýrnaly. 2020 j. № 2 (60).
15. Nurbaeva N.A. Zań tehnikasy – zań jobalaryn sapaly daryndaý quraly. - “Qazaqstan Respyblikasy Zańnama jáne quyqytyq aqparat institutyńyn Jarshy” ǵylymi-quyqytyq jýrnaly. 2020 j. № 2 (60).